

Әкімшілік

жаза

Жоспар

- Әкімшілік жазаның түсінігі
- Әкімшілік жазаның жүйесі
- Әкімшілік жазаның түрлері
- Әкімшілік жазаларны қолдану ерекшеліктері
- Әкімшілік жазаға тарту мерзімінің өтуі



Әкімшілік

Жаза – бұл әкімшілік құқық бұзғаны үшін заң бойынша өкілетті сот, орган (лауазымды тұлға) қолданатын және құқық бұзушылық жасаған тұлғаның құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе шектеу көзделген мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы



- Әкімшілік жазалар әкімшілік бұлтартпау шараларымен өте ұқсас болып келеді, өйткені оларды мәжбүрлеу шараларын қолдану негіздерінің ортақтығы біріктіреді, сондай – ақ осы мәжбүрлеу шараларының ортақ мақсаты — жаңа құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады. Бірақта, әкімшілік бұлтартпау шаралары жазалау шаралары болып табылмайды және олар, ең бастысы, құқық бұзушылықты тоқтатуға және құқық бұзушыны жасаған құқық бұзушылық сипатына сәйкес жауапкершілікке тарту мүмкіндігінне бағытталған. Әкімшілік бұлтартпау шаралары көбінесе әкімшілік жаза шараларын қолданудың алғы шарты болып табылады.

Әкімшілік жазаның түрлері

- ✓ ескерту;
- ✓ әкімшілік айыппұл;
- ✓ әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе тікелей объектісі болып табылатын затты ақысын төлеп алу;
- ✓ әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе тікелей объектісі болып табылатын затты, әкімшілік құқық бұзушылықты жасау салдарынан алынған табысты, ақша мен құнды қағаздарды тәркілеу;
- ✓ арнайы құқықтан айыру;
- ✓ лицензиядан, арнайы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) айыру немесе оның әрекет қызметтің қандайда бір түріне немесе нақты әрекеттерді істеуді доғару;
- ✓ жеке кәсіпкерлік қызметті доғару немесе тиым салу;
- ✓ өз еркімен тұрғызылған немесе тұрғызылып жатқан құрылысты мәжбүрлеп бұзу;
- ✓ әкімшілік қамау;
- ✓ шетел азаматын немесе азаматтығы жоқ тұлғаны ҚР шегінен тыс әкімшілік қуып шығару

Құқық бұзушылықты болдырмау функциялары бойынша жазалар келесі түрлерге жіктеледі:



Жалпы - әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған сол тұлғаға жаңа құқық бұзушылықты қайта жасауға болғызбауға бағытталған, сонымен қатар бұл басқа да тұлғаларға қатысты болады.

Жалпы

Жеке

бұл тек әкімшілік құқық бұзушылық жасаған сол тұлғамен жаңа құқық бұзушылықты жасауды болғызбауға бағытталған

Арнайы – бұл жеке жаза түрінің бір бөлігі болып табылады. Кінәлінің жаңа әкімшілік құқық бұзушылық жасамау үшін кедергі болатын жағдайлар туғызу.

Арнайы

Әкімшілік жазаны салу ережелері

- Әкімшілік жазаларды салу ережелері ҚР ӘҚБтК 5 бөлімінде бекітілген. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жаза ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне және әкімшілік құқық бұзушылық туралы өзге де актілерге сай жасаған әкімшілік құқық бұзушылығы үшін жауаптылық қарастыратын нормативті актілерде белгіленген шекетерде салынады.

- Бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде әкімшілік жазалар қолдану (63 бап). Бір 2 немесе одан да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде әрбір әкімшілік құқық бұзушылық үшін жеке - жеке әкімшілік жаза қолданады. Егер адам бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасап, ол істерді бір судья, орган қараса, бұл адамға белгілі бір жазалар қолданылған жағдайда, жазаның түпкілікті мөлшерін жазаның осы түрі үшін осы Кодексте белгіленген 3 еселенген ең жоғарғы шегінен асыруға болмайды. Әкімшілік қамауға лудың ең ұзақ мерзімі мұндай жағдайларда — 30 тәуліктен, ал төтенше жағдайлар кезінде — 45 тәуліктен аспауға тиіс. Егер айыппұлдар актілерде белгіленген міндеттемелерінің орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған сомасының процентімен көрсетілген жағдайда, оларды бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін салған кезде, айыппұл әрбір әкімшілік құқық бұзушылық үшін бөлек өндіріліп алынады.

Әкімшілік жазаны салу ережелері ҚР ӘҚБтК 60-66баптарымен реттеледі

- 2. Әкімшілік жаза әділ, құқық бұзушылықтың сипатына, оның жасалу мән-жайларына, құқық бұзушының жеке басына сай келетін болуға тиіс.
- 3. Жеке адамға әкімшілік жаза қолдану кезінде жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, кінәлінің жеке басы, соның ішінде оның құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, мүліктік жағдайы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі.
- 4. Заңды тұлғаға әкімшілік жаза қолданған кезде әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, мүліктік жағдайы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі.

61-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар

1. Мыналар әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар болып танылады:

1) кінәлі адамның өкінуі;

2) әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын болғызбауы, залалды өз еркімен өтеуі немесе келтірілген зиянды жоюы;

3) әкімшілік құқық бұзушылықты күшті жан толқынысының әсерімен не жеке басының немесе отбасының ауыр жағдайлары салдарынан жасау;

4) әкімшілік құқық бұзушылықты кәмелетке толмаған адамның жасауы;

5) әкімшілік құқық бұзушылықты жүкті әйелдің немесе үш жасқа дейінгі баласы бар әйелдің жасауы;

6) әкімшілік құқық бұзушылықты күш қолдану немесе психикалық мәжбүрлеу нәтижесінде жасау;

7) әкімшілік құқық бұзушылықты қажетті қорғанудың заңдылығы шарттарын бұзу, құқыққа қарсы қол сұғушылық жасаған адамды ұстау, бұйрықты немесе өкімді орындау кезінде жасау;

8) әкімшілік құқық бұзушылықты алғаш рет абайсызда жасау.

Әкімшілік жазалау шараларының

Негізгі түрі

Ескерту, әкімшілік айыппұл салу, әкімшілік қамаққа алу

Қосымша

Әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралыне нысанасы болған затты өтемін төлеп алып қою, тәркілеу, салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзып тастау

Әрі негізгі Әрі қосымша

Арнаулы құқықтан айыру, лицензиядан, рұқсаттан, біліктілік аттестатынан айыру немесе оған тыйым салу, сондайақ шетел азаматтарын азаматтығы жоқ адамдарды ҚР тыс жерге әкімшілік жолмен келтіру

ӘКІМШІЛІК

АЙЫППҮЛ

● Әкімшілік құқық бұзғышылық үшін салынатын, заңға сәйкес белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сай келетін көлемде ақша өндіріп алу

1. Қоршаған ортаға зиян келтіру;
2. Салық міндеттемесін орындамау;
3. Әлеуметтік аударымдарды төлемеу;
4. Заңсыз кәсіпкерлікпен айналысу;
5. Мәмілені қаржы заңнамасын бұза отырып жасау;
6. Есепке жатқызылмаған ұлттық және шетел валютасын пайдалану;

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған адам әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап 1 жыл ішінде осы жазаға ұшырады деп есептеледі.

Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты әкімшілік жауаптылықтан босату. Адам әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күннен бастап 2 ай өткеннен кейін, ал қоршаған ортаны қорғау саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін — оны жасаған күннен бастап 6 ай өткеннен кейін, осы Кодексте көзделген жағдйларды қоспағанда, әкімшілік жауаптылыққа тартылуға тиіс емес. Жеке тұлға салық салу саласында әкімшілік сыбайлас жепқорлықпен әкімшілік құқық бұзушылық, сондай-ақ құқық бұзушылық жасағаны үшін оны жасаған күннен бастап 1 жыл өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылуға тиіс емес, ал заңды тұлға салық салу саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін оны жасаған күннен бастап 3 жыл өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылуға тиіс емес. Созылып кеткен әкімшілік құқық бұзушылық кезінде адам әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап 2 ай өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылуға тиіс емес.